

Хаттама № 1

№ 26 С.Датов атындағы орта мектебінде 2020 жылдың 03 желтоқсан күні Қамқоршылық кеңесінің кезектен тыс жиналысы өтті.

Қатысқан: Мектеп әкімшілігі

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері

Күн тәртібінде:

1. Қалалық білім бөлімі, Атырау облысы білім беру басқармасының 2020 жылғы 06 қарашаның № 15-4-10/2578 санды хатына сәйкес Президенттік шыршаға қатысуын талаптарға сай ұйымдастыру
2. Қалалық білім бөлімі, Атырау облысы білім беру басқармасының 2020 жылғы 02 желтоқсанындағы № 03-04-01-12/2650 санды хатына сәйкес әлеуметтік жағдайы төмен жетім, жартылай жетім, аз қамтылған, көп балалы отбасы балаларына тәтті сыйлық берілуін ұйымдастыру

Тыңдалды:

1. Қамқоршылық кеңестің төрайымы Муканова Анар сөз алып Қалалық білім бөлімі, Атырау облысы білім беру басқармасының 2020 жылғы 06 қарашаның № 15-4-10/2578 санды хатына сәйкес, жылда өтетін дәстүрлі Президенттік шыршаға мектебімізден бала қатыстыруымыз керек екендігін және оның мына талаптарға сай, яғни: белгіленген санаттар бойынша ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, көп балалы, аз қамтылған, ерекше білімді қажет ететін мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған отбасылардан, толық емес отбасылардан шыққан балалар болуы қажет екендігін айтып өтті. Сонымен қатар осы санаттағы 20 оқушыға жаңа жылдық тәтті сыйлықтар алатын оқушылардың тізімі талапқа сай жинақталуы керек.

Сөйлеушілер:

1. Қамқоршылық кеңесінің мүшесі Сапашева Лаззат мектебімізде жоғарыда айтылған талаптарға сай балалардың көп екендігін соның ішінде ата-анасының қамқорлығынсыз қалған төрт оқушы бар екенін, ескерген жөн деп айтып өтті.
2. Әлеуметтік педагог Иманчиева Лунара мектебімізде жалпы ата-анасының қамқорлығынсыз, көп балалы, жартылай жетім, толық емес отбасынан шыққан биылғы жылы 230 оқушының әлеуметтік көмек алуға құжаттары жинақталған. Соның ішінде ата-анасының қамқорлығынсыз қалған 4 оқушы бар. Былтырғы шыршаға Қибрат Нұрдәулет барып келген болатын. Ал екі оқушының жасы сәйкес келмейді. Оқушылардың жасы 9-13 жас аралығында болу керек екен. Биылғы Президенттік шыршаға Сапи Нурсаяны жіберсек деген ұсынысым бар. Сонымен қатар 20 оқушының тізімі берілуі керек. Осы жинақталған құжаттары бойынша үш жылдан бері көмек алып келе жатырған оқушыларды ескере отырып оқушылардың тізімін ұсынды.

Қамқоршылық кеңестің төрайымы, мүшелері және мектеп әкімшілігі әлеуметтік педагог Иманчиева Лунараның ұсынысын талапқа сай шешім деп қабылдап, бір ауыздан Сапи Нурсаяны Президенттік шыршаға қатыстыруға қолдау көрсетті.

Шешім:

1. Қалалық білім бөлімі, Атырау облысы білім беру басқармасының 2020 жылғы 06 қарашаның № 15-4-10/2578 санды хатына сәйкес мектептен Президенттік шыршаға қатысуға ерекше білімді қажет ететін 3 «е» сынып оқушысы Сапи Нурсая қатыстырылсын.